

FTAMP 16.31.61

М.С. Жолшаева<sup>1</sup>, Д. Алясова<sup>2</sup>, Ж. Балтамуратова<sup>3</sup>, М.  
Канжигалинова<sup>4</sup>

<sup>1,2,3,4</sup>С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ИНТЕГРАЦИЯЛАЙ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

**Андатпа.** Мақалада қазақ тілін басқа пәндермен кіріктіре оқыту мәселесі қарастырылады. «Интеграция» лексемасының терминдік мәні айқындалып, педагогика ғылымындағы интеграциялай оқыту мәселесі талданады. Қазақ тілі пәнінен білім мазмұнын игертуде басқа пәндермен, атап айтқанда әдебиет, тарих пәндерімен кіріктіре оқытудың тиімді жақтары нақты мысалдармен дәйектеле отырып көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, интеграциялай оқыту, пәнаралық интеграция, оқу мақсаттары, тарих, Блум таксономиясы.

\*\*\*

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема интегрированного изучения казахского языка с другими дисциплинами. Раскрывается терминологическое значение лексемы «интеграция» и анализируется проблема интегрированного обучения в педагогической науке. При освоении содержания образования по казахскому языку на конкретных примерах демонстрируются преимущества интегрированного обучения с другими дисциплинами, в частности с литературой, историей.

**Ключевые слова:** казахский язык, интегрированное обучение, междисциплинарная интеграция, цели обучения, история, таксономия Блума.

\*\*\*

**Abstract.** The article deals with the problem of integrated study of the Kazakh language with other disciplines. The article reveals the terminological meaning of the lexeme “integration” and analyzes the problem of integrated learning in pedagogical science. When mastering the content of education in the Kazakh language, the advantages of integrated learning with other disciplines, in particular with literature and history, demonstrated by specific examples.

**Keywords:** Kazakh language, integrated learning, interdisciplinary integration, learning objectives, history, Bloom’s taxonomy.

«Интеграция» сөзі «латынша *integer* – толық, қалпына келтірілген» деген түсінікте қолданылатын сөзінен пайда болған. «Қазіргі шетел тілі» сөздігінде *интегральді* сөзі «үздіксіз байланысты, толық, бірыңғай» деп анықталған. Мысалы, *интегральді схема* деп элементтері құрылымдық, технологиялық, әрі электрлік тұрғыдан байланысты

құрылғыны атайды [1; 240]. Басқаша айтсақ, интеграция дегеніміз – бөлшектердің бір бүтінге бірігуі.

Кең түсінікте алып қарағанда *интеграция* сөзі өзара байланысты екі түрлі ұғымда қолданылады: жүйенің немесе ағзаның жеке бөлшектері мен функцияларының бір бүтінге байланысқан қалпы; жүйенің немесе ағзаның жеке бөлшектері мен функцияларын бір бүтінге байланыстыратын үдерісті білдіру [2; 495].

Түрлі ғылым саласында қолданылатын «интеграция» сөзіне берілген анықтамаларға тоқталсақ, математика ғылымында «интеграция – бұл дифференциацияға (лат. differentia – айырмашылық) карама-қарсы амал қолдану арқылы алынатын шама. Сондай-ақ өзінің шексіз ұсақ бөлшектерінің қосындысы ретінде қарастырылатын шама да *интеграл* деп аталады [1; 240].

Экономика саласында «интеграция – тараптардың бейімделу процесі, экономикалық және өндірістік ынтымақтастықты нығайту, екі немесе одан да көп мемлекеттің ұлттық шаруашылығының бірігуі, шаруашылық өмірді интернационалдандырудың түрі [1; 240] деп анықталса, биологияда *интеграция* деп типтес генетикалық жасушалардың қорға жиналып, белгілі бір тәртіппен орналасуын атайды [3; 137]. Сонымен қатар, әлеуметтану ғылымында да бұл термин қолданылады: «интеграция – бұл шетелдік азаматтың не азаматтар тобының қоғамда қабылдану процесі» [4]. Жоғарыда ғылымның әр саласынан «интеграция» ұғымына берілген анықтамаларды талдай отырып, бәріне ортақ төмендегідей ой желісін, тірек ұғымдарды байқауға болады: біріншіден, интеграцияның *қалып* ретінде қарастырылуы «бүтін, бірыңғайлық, бөлінбейтін өзара байланысты» деген түсінікке саяды; екіншіден, интеграция ұғымының *процесс* деп түсінілуі, яғни «біріктіру, байланыстыру, жақындасу, ынтымақтасу, бейімделу» деген ойды беруі. Бұл аталған термин білім беру саалсында да белсенді қолданысқа не болып келеді.

Білім беру саласына *интеграция* термині 1980 жылдардың басында ғылыми айналымға еніп, оқыту мен тәрбиелеу процестеріндегі байланыстардың көрінісі ретінде қарастырылды. Педагогика саласындағы интеграция ұғымына берілген анықтамалардан бірізді тұжырымды табу қиын.

Мәселен, И.Д. Зверева, В.Н. Максимованың көрсетуінше, интеграция – бүтінді жасау процесі мен оның нәтижесі. Оқыту барысында ол бір курста бірнеше пән элементтерінің бірігуі, жекелеген ғылыми пәндер ұғымдары мен әдістерінің жалпы ғылыми ұғымдар мен танымдық әдістерге бірігуі арқылы жүзеге асырылады [5; 31].

А.Я. Данилюк интеграцияны педагогтар жасаған жағдайдың көмегімен санадағы білімнің өздігінен өсу процесі ретінде көрсетеді. Интеграциялай жүргізілетін білім беру жүйесі үш негізгі компоненттен

тұрады: оқушы санасы, көптеген оқу мәтіндері (тілдік сипаты жағынан әртүрлі) және интеграциялық механизмдер [6; 144].

С.М. Арафьева интеграция деп жаңа танымдық нәтижеге қол жеткізу мақатындағы теориялық синтезді түсінеді. Мұндағы алынған нәтиже эстетикалық мәні жағынан барлық интеграцияланған компоненттердің танымдық құндылығынан асып түсуі тиіс [7; 15].

Ғылыми еңбектердегі интеграция туралы түсінік пен оның мақсатына қатысты берілген пайымдаулардың түрліше болуына қарамастан, оларға ортақ ой желісін табуға болады. Сонымен интеграция сөзін «бөлшектердің бүтінге бірігуі», «компоненттердің өзара байланысқан қалпы», сондай-ақ «бұған дейін ажыратылған бөлшектер мен элементтердің қайта бірігу процесі» ретінде түсінуге болады.

Бүгінгі таңда интеграция – педагогика ғылымындағы негізгі категорияның бірі. Білім беру саласында пәндерді өзара біріктіре немесе кіріктіре оқытудың артықшылықтарына, білім сапасын арттыруға қатысы бастауыш сыныптардағы интеграциялай оқыту жайында С.Ж. Пірәлиев, А.А. Куралбаева өз пайымдауларын айта келе, осындай оқыту жағдайында жүзеге асырылатын төмендегідей мүмкіндіктерді атап көрсетеді:

- оқушылардың оқу-танымдық әрекетіне жағдай жасалады;
- дүние, табиғат, қоршаған орта және адам, олардың өзара байланысы жөнінде алғашқы біртұтас көзқарастар қалыптастыру жүзеге асырылады;
- оқушылар санасында оқу-танымдық белсенділік орнап, ой-өрісі кеңейеді;
- білімнің мазмұнын оқу-танымдық, мотивтік компоненттер арқылы жетілдіруге көмектеседі [8; 46]

Пәндерді интеграциялаудың мақсатына қатысты Е.Н. Потапова: «баланы бір мезгілде түрлі оқу пәндері арқылы берілетін біліммен қаруландыру әдісімен оны қоршаған ортада біршама табысты болып қалыптасуына дайындау» деп жазады [9; 117].

В.С. Безрукова «Интеграционные процессы в педагогической теории и практике» [10] атты еңбегінде «Адамның санасы мен іс-әрекетінде интеграцияны біріктіру қандай мүмкіндіктерге алып келеді? Интеграцияны ойлау арқылы қалай дамуға болады?» деген сауалдарға пәндерді интеграциялай оқытудың педагогикалық-психологиялық негіздері арқылы жауап іздейді.

Жалпы әлемдік тәжірибеде шет тілін оқыту барысында CLIL технологиясы кеңінен қолданылады. Оқыту технологиясына қатысты CLIL аббревиатурасы былайша таратылады: Content and Language Integrated Learning, қазақша баламасы: Пәндік және тілдік кіріктірілген оқыту әдістемесі. Бұл технология әсіресе шетел тілін, оны кәсіби деңгейде оқытуда тиімді саналады. Мұндағы тиімділік – өзге тілді үйрене отырып, басқа салалар бойынша сол үйреніп отырған тілде білімді жетілдіру, тілдік

кедергіден арылу және сөздік қорды арттыру. Ал ана тілін оқыту барысында пәндік кіріктірудің қандай пайдасы болуы мүмкін деген сауалға жауап беру үшін алдымен білім берудегі басты мақсатты айқындап алу қажет.

Н.А. Белованың анықтамасы бойынша, интеграцияланған сабақтың өткізілу барысында түрлі пәндер арасында байланыс орнап, нәтижесінде әр пәннен алынатын білімнің бірін-бірі толықтыруы арқылы ажырамас бүтін пайда болады [11; 3].

Қазақ тілін басқа пәндермен интеграциялай оқытуда оның пәндермен байланысу қабілеті басқа пәндерге қарағанда анағұрлым күштірек екені аңғарылады. Жалпы қазақ тілі пәнін басқа пәндермен, әдебиет, тарих, география, биология, астрономиямен байланыстыра қарау – заңды құбылыс. Өйткені бұл басқа пәндердің мазмұнын игеру үшін де қажет. Себебі тіл – кез келген білімді игерудің басты құралы. Мұның өзін екі жақты қарастыруға болады: біріншіден – кез келген жазба мәтіннен тиісті ақпаратты табу және оны ары қарай дамыту үшін мазмұнды жеткізуге қызмет етіп тұрған тілдік құралдардың қызметін, мағынасын, яғни функционалды-семантикалық әлеуетін жақсы білу керек; екіншіден – қазақ тілін оқытуда халықтық білімдер жүйесін негізе ала оқыту лингвистикалық білім ғана емес, тілдегі когнитивтік бірліктердің мазмұнын ашу, түсіну арқылы ұлттық дүниетаным, этномәдени, мәдени ақпараттар, халықтық білім қоса игеріледі. Осылайша қазақ тілі пәнін интеграциялай оқыту оқушының жан-жақты әрі толық білім алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, пәнді интеграциялай оқыту білімді тереңдетумен ғана шектелмейді, мәліметтердің ортақ негізін тауып, бір-бірімен байланыстыру арқылы тақырыпты жадында түптеп орнықтыруға да ықпал етеді.

«Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұныныңдағы бір тақырыптың аясында мысалмен көрсетейік. Мысалы, лексикология саласы бойынша тақырыптар – *көнерген сөздер (тарихи сөздер), терминдерді* оқыту барысында қазақ тілін тарих, әдебиет пәндерімен интеграциялау мәтіндерге талдау жасауға, қазақ тілінен грамматикалық тақырыпты меңгере отырып, тарихи деректермен танысуға, терминдік мәнін танып білуге, сөздік қорды дамытуға мүмкіндік береді. Төменде қазақ тілі, тарих, әдебиет пәндерінен мәтіндер беріліп, оқу мақсаттарын көрсетіп, өзара сабақтастыққа құрылған тапсырма үлгілері келтірілді. Тарих пәні бойынша мәтін жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығынан алынды. Тарих пәнінен алынған мәтіннен үзінді:

*«Монғолдар бағындырған елдерде тек Шыңғысхан ұрпақтары ғана хан бола алды. Хан мемлекетті басқарды. Ол өзінің қол астындағылар мен әскеріне балаларындай қамқорлық жасауға міндетті болды. Ал олар*

мемлекет басшысын «өз әкесі» деп есептеуге тиіс еді. Ханның кеңесшілері уәзірлер, билік органы құрылмай болды.

Ақ Ордадағы, Әбілқайыр хандығы мен Моғолстандағы түркі тайпаларының басшыларын әмірлер, ал Ноғай Ордасындағыларды билер деп атады. Мемлекет тағының мұрагерін тәрбиелеуші атабекке үлкен мән берілді.

Жерді пайдалану және салықтар. Ұлыстық жүйе көшпелілерге жайылымдар мен суат көздері бар жер аумағының болуына мүмкіндік берді. Бұл ұлыстық бірлестіктердің өзара қақтығыстарын болдырмады. Билеуші әулеттің барлық мүшелерінде ұлыс аумақтарын иелену құқығы болды. Рулық-тайпалық топтарды басқарған ақсүйектер жеріне ешкім қол сұқпайтын ерекше құқық беретін тархан лауазымын алды.

Деректерде жер иелену мен жер меншігінің басқа түрлері де атап көрсетілген. Шыңғысхан ұрпақтарының тұрғындарымен бірге алған жерлері інжу, дін қызметшілері мен мұсылман діни мекемелерінің жері вақф деп аталды. Иқта және сойырғал сияқты басқа да жер иеліктерінің түрлері болды. Мұндай жерлер мұрагерлікке беріледі. Мәселен, сойырғал көшпелі ақсүйек қауымының отырықшы-егінші тұрғындарға үстемдігін бекітті. Бұл жерлер ханға адал қызмет еткен әскерилер мен көсемдерге берілді, сатқындық жасаған жағдайда қайтарып алынды.

Көшпелі аймақтарда малға жекеменшік орнады, ал жайылымдарды қауым болып пайдаланды. Қатардағы көшпелілер мен жер иеленушілер хан мен ақсүйек қауымына салық төледі. Отырықшы егіншілікпен айналысатындар және қала тұрғындары – құшыр, хараж, баж салықтарын төлеуге міндетті болды. Көшпелі малшыларға салық зекет пен соғым түрінде салынды.

Тұрғындар салықтардан басқа әскери, көлік, пошта және т.б. міндеткерліктерді атқарған [12; 147].

Сабақтың мақсаты – орта ғасырдағы мемлекеттердің қоғамдық және саяси құрылысымен танысу. Осы мәтінді түсіну үшін көнерген сөздерді, архаизмдер мен тарихи сөздерді білудің маңызы зор. Мәтін мазмұнын түсіну үшін маңызды тірек сөздердің қатарына көнерген сөздерді алуға болады, олар: уәзір, құрылтай, әмір, би, атабек, тархан, інжу, вақф, иқта, сойырғал, құжыр, хараж, баж, зекет, соғым.

Осы тұста аталған тұста, қазақ тілі пәні арқылы мұндай сөздердің архаизм және историзм болып бөлінуі, олардың өзара айырмашылықтары мен ұқсастықтарын менгерту арқылы екі пәнді сабақтастыруға болады. Сонымен қатар, кейбір сөздердің жаңаша мазмұндық сипат алуы туралы да ақпаратты нақты мәтін талдау арқылы түсіндіру тиімді болып табылады. Жалпы бұл лексикалық бірліктер, көнерген сөздер жалпы білім беретін мектептің 6-сынып «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасында қамтылған, сәйкесінде оқулықтарда да бар.

Қазақ тілі бойынша қажет білім мазмұны:

«Көнеру сипаты мен тілдегі қолдану ерекшелігіне қарай көнерген сөздер архаизмдер және историзмдер деп екі салаға бөлінеді.

Тарихи сөздер дәуірі өтіп, сол ескі заманның өзімен қоса жоғалған сөздер. Тарихи сөздердің көнеруі тарихи атаулардың құрып бітуімен, біржола жоғалуымен байланысты болады. Тарихи сөздерді де бірнеше топқа бөлуге болады:

Әкімшілік, ел басқарумен байланысты туған тарихи сөздер: *хан, ханиша, сұлтан, ауылнай*, т.б.

Әскери атак пен қару-жаракқа қатысты тарихи сөздер: *садақ, жақ, жебе, дулыға*, т.б.

Кеңес тұсында пайда болған тарихи сөздер: *нарком, губком, совдеп, отарба*, т.б. [13; 177].

Сабактың мақсаты – көнерген сөздер туралы түсінік қалыптастыру және оларды ажырата білу. Қазақ тілінің лексикалық құрамындағы актив және пассив сөздердің қолданысын, мағыналарын білу және ажырата алу тарихи туындыларды (шығарма, кино, т.б.) шығармаларды дұрыс түсініп, қабылдауда маңызды болып табылады.

Жоғарыда берілген мәтіндер бойынша Блум таксономиясы негізінде құрастырылған тапсырмалар оқу материалдарын толық, жан-жақты қырынан келу арқылы тереңірек меңгеріп шығуға мүмкіндік береді.

1. Білу. Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тануға бағытталғандықтан, мұндағы тапсырмалар берілген ақпараттармен танысу, мәтін мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап беру тәрізді болып келеді. Алғашқы мәтінді оқу арқылы жерімізде өмір сүрген орта ғасырлық мемлекеттердің саяси-қоғамдық құрылысымен таныса отырып, берілген сыныптың тарих пәнінің бір тақырыбын меңгеріп шығады. Ал әдебиетпен байланыстыру қажет болса, тариха шығарманы оқуға беруге болады.

2. Түсіну. Мұнда грамматикалық тақырыпты ұғынуына сәйкес анықтама бойынша мәтіндегі тарихи сөздерді тауып, теріп жазу тапсырмасы жүргізіледі. Оқу материалдарын түсіну деңгейін анықтау мақсатында оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау әрекетін орындай алады. Мысалы, төменде берілген сөйлемдерді толықтыру үшін сөздің мағыналарын біліп, мазмұнды түсінуі керек: *Монғолдар бағындырған елдер тек ... ұрпағы ғана хан бола алады; Шыңғысхан ұрпақтарының тұрғындарымен бірге алған жерлері ... деп аталды; Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы және Моғолстандағы түркі тайпаларының басшыларын ...деп атады.* Мұндай ашық тест тапсырмаларын орындау тарих пәнінен алған білімді бекітеді, сөздік қоры тарихи сөздермен толықтыруға көмектеседі.

3. Қолдану. Бұл категория материалды тереңірек игеріп, ережелерді, заңдар мен ұғымдарды практикалық тұрғыдан қолдануды талап етеді. Мұнда тарих пәнінен алынған мәтінде берілген ақпарат арқылы әдеби шығармадан берілген үзіндіде кездесетін тарихи сөздердің

мағынасын түсіндіру; мемлекеттердің саяси құрылысындағы ерекшеліктерді тауып, кестеге түсіру; мәтіндердегі ақпаратты, сондай-ақ қосымша сөздіктерді пайдалана отырып тарихи сөздерден сөздік құрастыру сияқты тапсырмаларды орындатуға болады.

4. Талдау. Бұл деңгейде қазіргі таңда қазақ тіліндегі көнерген сөздердің «қайта тіріліп», жаңғырып, тілімізде жаңа сипатта қолданылатынын көрсетуге бағытталған тапсырмалар орындалады. *Құрылтай* – моңғолдарда, одан кейін XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерде және Қазақ хандығындағы ақсүйектер кеңесі [12; 230]. Мысалы: *Осылай ұрпақтық тәртіптен құрылған иелік бір-ақ адамға, тірісінде Шыңғыс ханға, ол өлгеннен кейін орнына Құрылтай сайлаған Ұлы ханға бағынады* [14; 83]. Осы сөздің мағынасының жаңғыруына қатысты: *Құрылтай* – партиялардың, қозғалыстардың, т.б. өзге де қоғамдық бірлестіктердің аса маңызды мәселелерге байланысты бастапқы басқосу жиылысы [15; 220]. Мысалы: *Дүниежүзі қазақтар құрылтайы Астанада бесінші рет бас қосуда*. АСТАНА. ҚАЗАҚПАРАТ [16]. Кесте толтыру, қосжазба күнделігі, Венн диаграммасы әдісі арқылы сөздердің бастапқы және қазіргі мағынасы арасында айырмашылықтар мен ортақ негізін көрсетуге бағытталған тапсырмалар орындалады. Олар көнерген сөздердің қайта қолданысқа енуі, олардың терминге айналуы, терминге тән белгілер, түрлі салаларда қолданылу аясы көнерген сөздердің семантикалық әлеуетін ашып көрсету арқылы жүзеге асырылады.

5. Жинақтау. Мұндағы мақсат – берілген материалдар негізінде жаңа нәтижеге қол жеткізу. Мысалы, мәтіндерде ұсынылған ақпараттарды байланыстыра отырып, ортақ бір мәтін жасап шығару тапсырмасын ұсынуға болады. Тапсырманы орындай отырып үш жақты: тарихи деректерді дұрыс игеру, әдеби көркемдеу құралдарын қолдана білу, тарихи сөздердің мағынасын танып, орынды пайдалана білу дағдылары шыңдалады. Бір сабақ аясында үш пәннің мақсатына қол жеткізіледі. Тарихи сөздердің тарихи мәтіндер мен тарихи шығармаларда қолданылатыны жайлы түсінік бекітіледі.

6. Бағалау. Мұнда алдыңғы деңгейлердің оқу нәтижелеріне қол жеткізгеннен кейін оқу материалдарының маңызы анықталып, өзіндік пікір, жаңа шешімдер ұсынылып, қорытынды жасалады. Мысалы, «Көне сөз – жаңа сөздің қазығы» тақырыбында эссе жазу арқылы тарихи сөздердің қолдану аясы және оны кеңейту жайлы алған білім, төл терминдерді қалыптастырудағы көнерген сөздердің рөлі туралы түйген ой қорытындыланады.

Сонымен, қазақ тілін басқа пәндермен интеграциялай оқыту оқушылардың білім мен біліктіліктерін арттырып қана қоймай, дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру арқылы түрлі ғылым саласындағы құбылыстар мен заңдылықтар мәнін терең түсінуге, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Кең көлемдегі

пәнаралық интеграция мұғалімнен көп жұмысты талап етекенімен, соған сай нәтижеге қол жеткізуге де кепіл бола алады.

Жинақтап айтқанда, пәнаралық интеграция арқылы қол жеткізілетін нәтижелер: шығармашылық және өзіндік жұмыс жасау біліктілігінің артуы; берілетін ақпараттың көлемі мен мазмұнының бірін бірі толықтыруы; ақпараттардың мол қоры арқылы білім сапасының көтерілуі; оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының артуы. Интеграциялай оқытуды қолдану оқушылардың мәселеден қорықпай, оны шешудің жаңа жолдарын іздейтіндей деңгейге жетуіне жол ашады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Современный словарь иностранных слов. – Москва: Русский язык, 1993
- 2 Советский энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1986.
- 3 Словарь биологических терминов / Г. А. Белякова, В. В. Зданович, Е. А. Криксунов и др. – Москва: Издательство Московского университета, 2013
- 4 Национальная социологическая энциклопедия. Дереккөз: <https://voluntary.ru/>
- 5 Зверева И.Д., Максимова В.Н. Межпредметные связи в современной школе. - Москва, 1981.
- 6 Данилюк А.Я. Теоретико-методологические основы проектирования интегральных гуманитарных образовательных пространств: диссертация на соискание научной степени доктора педагогических наук. - Ростов на Дону, 2001.
- 7 Арафьева С.М. Интеграция общеобразовательной и допрофессиональной художественной подготовки учащихся учебного комплекса (на примере предметов исторического цикла): диссертация на соискание ученого степени кандидата педагогических наук: 13.00.01. Казань, 2002.
- 8 Пірәліев С.Ж., Куралбаева А.А. Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде білім сапасын арттыру // ҚазҰУ хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. -2013. № 2(38)
- 9 Потапова Е.Н. Интегрированные уроки в начальной школе, или как создать у младших школьников целостную картину мира: Пособие для учителя. –Москва: Новая школа, 2002.
- 10 Безрукова В.С. Интеграционные процессы в педагогической теории и практике. –Екатеринбург, 1994. - 52 с.
- 11 Белова Н.А. Типы интегрированных уроков русского языка и литературы. Русский язык в школе. №4, 2008.

- 12 Бакина Н.С., Жанақова Н.Т., Сүлейменова Қ.Қ. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018.
- 13 Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы : оқулық / Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев. –Алматы: Сөздік-Словарь, 2006 .
- 14 Есенберлин І. Алтын орда: Тарихи трилогия. 1-ші кітап. –Алматы: Жазушы, 1987.
- 15 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998-2007. 6-том.
- 16 АСТАНА. ҚазАқпарат [https://www.inform.kz/kz/duniezhuiz-kazaktary-elordamyuz-astanada-bas-kosuda\\_a3038867](https://www.inform.kz/kz/duniezhuiz-kazaktary-elordamyuz-astanada-bas-kosuda_a3038867).